



**Атамыз қазақ «Дені саудың – жаны сау» деп бекер айтпаған. Салауатты өмір салтын қалыптастырып, дені сау ұрпақ, тұлғасы мығым мамандар даярлау әрбір жоғары оқу орнының мақсаты болып саналып келеді.**

Ауа райының қолайлығына байланысты профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлер, магистранттар шағымен сырғанап, спорттың 7 түрінен шағын футбол, волейбол, үстел теннисі, шахмат, қол күрес, мылтықтан ату т.б. сайысқа түсіп, спортқа деген зор сүйіспеншіліктерін көрсетті. Аппақ қар, шыңылтыр аяз бойды кернеп, факультеттер мен бөлім қызметкерлері өзара тартысты

бәсекеге түсіп, «Спорт – адамның серігі» ұранымен достықтың туын желбіретті.

Зейнеткерлік жасқа келген оқытушылар атап айтсақ, ардагер-ұстаз, спорт десе ішкен асын жерге қояр Матияс Хамитұлы, Николай Коломоец, Мәлік Шөлменұлы, Рахметолла Құсайынұлы және аға буын өкілдері Едіге Ғапуұлы, Тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор Ақылбек Ұзақбайұлы,

жарыстарға қатысып тұрамын. Осындай керемет материалдық-техникалық базасы дамыған «Нива» спорттық-сауықтыру базасын жабдықтап, профессор-оқытушылар қауымы мен қызметкерлерінің дұрыс демалуына жағдай туғызып, көтеріңкі көңіл-күй сыйлаған ректорымыз Қазыбай Қараұлына алғысым шексіз. 50 жылда жеткен толағай табыстарымыз бен жемісті жетістіктеріміз көп. Алдағы уақыттарда университетіміздің даңқы артып, одан әрі өрлей беріуіне тілектеспін» деп аталық батасын берді.

Шара соңында барлық оқытушылар асханада ұйымдастырылған дастарханға жиналып, ән-жырдан шашу шашып, ақ тілектерін айтып, жарысқа

## Салауатты өмір салты – жан серігің

«Бірінші байлық – денсаулық» дейміз. Денені үнемі шырықтыру, шынықтыру, сананың сапа деңгейін көтеру, интеллект өрісін биіктету, рухыңды шыңдау – бәрі де денсаулыққа қызмет етеді десек қателеспейміз.

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2030» жолдамасындағы ұзақ мерзімді басымдықтың бірі – «Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен ел ауқаты азаматтарымыздың өз өмірінің аяғына дейін сай болуы және оларды қоршаған табиғи ортаның таза болуы үшін» деп азаматтарымызды салауатты өмір салтына өзірлеу қажеттігін баса атап көрсеткен болатын.

Бүгінгі таңда өз тәуелсіздігін алған егеменді еліміз осы бағытта Қазақстан жоғары оқу орындарында да жан-жақты дамыған, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мұрат тұтқан дара тұлғаларды тәрбиелеу басты талап етіп қойылған.

Қазақстан азаматтарының денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын ынталандыру туралы Елбасының жолдауын, егемендіктің кілтін ұстар жастардың болашағына апаратын, алтын сұрлеу десе болады.

Осы орайда Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің 50 жылдық мерейтойына орай «Денсаулық-2013» спартакиадасы аясында қаңтар айының 12-ші жұлдызында Дене тәрбиесі кафедрасының меңгерушісі Л.И.Федорченко мен спорт клуб төрағасы Р.М.Тұрдалиевтің ұйымдастыруымен 200-ге жуық профессор-оқытушылар қатысқан салауатты өмір салтын қалыптастыруға арналған спорттық-сауықтыру шарасы өткізілді. Университет жанындағы «Нива» спорттық-сауықтыру базасында оздырылған бұл жарысқа қатысатын университеттің профессор-оқытушылары мен қызметкерлеріне білім ордасының басшысы, ректор, Қазыбай Қараұлы ағамыз



сөзін

арнап, салауатты өмір салтын қалыптастыру ең қажетті әрі пайдалы іс екеніне тоқталды.

Өз сөзінде Қазыбай Бозымов: «Салауатты өмір салтын қалыптастырған адам өзіне де, өзгеге де ақ көңілмен, жақсы көзқараспен қарайды, жұмыста сергек жүреді. Сіздердің табиғат аясында жақсы демалыс өткізулеріңіз үшін университет ректораты барлық жағдайды жасауға өзір. Осы бағытта университетімізде спорттық-сауықтыру, жалпы бұқаралық шараларды ұйымдастыру үшін қыруар қаржы бөлініп, соңғы технологиямен жабдықталған жаңадан спорт залын салуды көздеп отырмыз. Спортклубпен бірлесе отырып, студент-жастарымызды қолдау мақсатында алдағы күндері осындай спартакиадаларды көптеп ұйымдастыруды қолға аламыз. Жақсы демалып, көңілді жарыс өткізіп қайтыңыздар», деп ағалық тілегін арнады.

қатысқандар бағалы сыйлықтармен және диплом, алғыс хаттармен марапатталып, көңілді отырыс өткізілді.

Жарыс қорытындысы бойынша байрақты бәсекеде жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар атанған факультеттердің ішінен үздігі болып политехникалық факультет бірінші орынды иемденсе, 2-орынды машина жасау факультеті, 3-орынды Қауіпсіздік және тәртіп сақтау қызметкерлері місе тұтып, 4-орынды агрономия факультеті, 5-орынды ветеринарлық медицина және биотехнология факультеті, 6-7-орындарды есепте жүйрік болса да спортта көнжөлеу қалған экономика және бизнес факультеті мен магистранттар иеленді.

Біз табиғаттың, қоршаған ортаның ластануына жол бермеуіміз керек. Табиғат-Анаға жанашырлық көзқарасымыз да өз денсаулығымызды сақтауға,





Фибрат Сұңғатұлы және барлық факультеттің декандары таза ауамен тыныстап, жас оқытушылардан қалыспай өздерінің әлі де жақсы қалыпта екендіктерін көрсетті. Оқытушылар спорттық-сауықтыру базасында таң атқаннан кеш батқанға дейін серуендеді. Жалпы дене тәрбиесі кафедрасының жанындағы «Сұңқар» клубының бастамасымен ұйымдастырылатын мұндай шараларға университеттің профессор-оқытушылары жыл сайын қатысып, жақсы дәстүрді жалғастырып келе жатыр. Профессор-оқытушылар ұжымы өздері ғана барып қоймай, әр сенбіде кураторлық топтарын ертіп, шаңғы теуіп, студенттерге арналған түрлі психологиялық тренингтер ұйымдастырады.

Жарыс барысында ардагер-ұстаз Матияс Хамитұлы: «Мен өмір жолымның көпшілік бөлігін осы спортқа арнап келдім. Әлі де өзімді сергек сезініп, осындай спорттық

ішетін суымыздың, жұтатын ауамыздың тазалығына, тұтынатын тағамымыздың құнарлылығы мен сапасына тікелей тәуелді болмақ. Сайып келгенде, адамның денсаулығына қатысты амалдардың бәрі табиғи ортамен өзара тығыз байланыстағы дүние дәмекпін.

Халықтың денсаулығы тек медицина қызметкерлерінің кәсіби тірлігі ғана емес, бүкіл қоғамның тұтас денсаулық сақтауға және нығайтуға арналған үйлесімді іс-қимылының жемісі екенін баршамыз да ұғынуға тиіспіз. Сонда ғана қоршаған ортаны сақтай отырып, таза су ішіп, дұрыс тамақтанып, иманды және салауатты өмір салттарын тұрақты қалыптастырсақ болашақтың жарқын кепілі болмақ.

**Мұратбек ЕРЖАҚЫПОВ,**  
**Жөңгір хан атындағы**  
**БҚАТУ-дың**  
**Жастар ісі жөніндегі**  
**комитетінің төрағасы**